

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы PhD докторанты Алимова Урзия Суинатуллаеваның «Батпақты иір және үлкен жолжелкен (*Acorus calamus*L. and *Plantago major* L) экстракттары қосылған суппозиториді құрастырудың фармацевтикалық және фармакологиялық аспектілері» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі м.ғ.д., профессор ҰҒА академигі Кулмағамбетов Ильяс Райхановичтің**

### **ПІКІРІ**

Қазіргі таңда бүкіл әлемнің фармацевтика өндірісі, оның ішінде табиғи шикізат негізінде жаңа дәрілік заттарды жасап шығару қарқынды дамып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда Алимова У.С диссертациялық жұмысы фармакопоялық өсімдік шикізаттары негізінде экстракттар алу және оларды стандарттап, стандартталған субстанциялардан дәрілік қалып алуға арналған. Сонымен диссертациялық жұмыс бойынша үлкен жолжелкен жапырақтары және иір тамырсабақтары негізінде заманауи технологиялық әдістерді қолдана отырып қабынуға қарсы және жараны жазатын дәрілік құралдарды жасау Қазақстан фармацевтикалық нарығының импорттан тәуелділігін төмендету мәселесін шешудегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Алимова Урзия Суннатуллаевна диссертациялық жұмыстарды орындау барысында батпақты иір және үлкен жолжелкен экстракттары негізінде жасалынған дәрілік қалыпты стандарттау және зерттеуде комплексті фитохимиялық, фармако-техникалық, фармакологиялық зерттеулер жүргізген. Алынған зерттеулер нәтижелеріне нормативті құжаттар даярланған. Үлкен жолжелкен жапырағынан алынған көмірқышқылды экстрактқа аналитикалық нормативтік құжат (АНҚ) жасалынған, үлкен жолжелкен жапырақтарының көмірқышқылды экстракты ЖШС «Фито-Аромат» өндірістік базасында өндірістік зертханалық сериясы алынған, регламент жасалынып АКТ енгізілген. Алынған «Plantacol» суппозиторилерге аналитикалық нормативтік құжат (АНҚ) жасалынған, «ФитОлеум» ЖШС өндірістік базасында өндірістік тәжірибиелік сериясы алынып, регламент жасалынып және де АКТ енгізілген.

Алимова Урзия Суннатуллаевнаның диссертациялық жұмысы С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ және Украина мемлекеті, Харьков қаласындағы Мемлекеттік фармация университеті «Өндірістік фармация» кафедрасының базаларында 3 ай мерзімде ғылыми зерттеу жұмыстары ұштастырылып жасалынды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері өз уақытында отандық және халықаралық ғылыми конференцияларда кеңінен жарияланған. Диссертацияның материалдары бойынша 7 ғылыми еңбектері бар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар 3, ал халықаралық журналдарда 1 жарияланымдар дерекқорда Scopus енгізілген, 2 пайдалы моделге патенттер жарияланған.

Алимова У.С. диссертациясы аяқталған ғылыми еңбек ретінде қойылған мақсат, міндеттер, көлемі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелері жоғары дәрежеде орындалған. 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін және ресми қорғау үшін ұсынылады.

Ғылыми кеңесшісі,  
м.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі



И.Р.Кулмагамбетов

